

ХАБАРЛАНДЫРУ

АУДАН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазіргі жағдайда, аудан орталығы немесе елді-мекенде асыл тұқымды (алабай, тазы және т.б.) қараусыз қалған үй жануарлары, көптеп кездеседі.

Өйткені, ауыл тұрғындарынан қараусыз қалған үй жануарлары көп жерлерде бос жүретіндігі, адам денсаулығына (әсіресе мектеп оқушыларына, үлкен кісілерге) зардап шектіретіндігі жөнінде арыз-шағымдар көптеп түседі.

Себебі, жануар иелері Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңында көрсетілген талаптарды орындамай келеді.

1-тарау, 1-бабында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

18-тармағында. Қаңғыбас жануарлар – иесі жоқ иттер мен мысықтар;

19-тармағында. Қараусыз қалған жануарлар – ұстау ныннан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар делінген.

Осы Заңның 22-бабында мынадай ұғымдар бойынша үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптары төмендегені:

2-тармағында. Жануардың иесі және (немесе) жауапты адам қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын сақтауға міндетті;

3-тармағында. Иттердің өз бетінше серуендеуіне тыйым салынады;

5-тармағында. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және қарғыбауыс серуендетуге тыйым салынады.

6-тармағында. Он алты жасқа толмаған адамдарға жануар иесінің ерекше жауап-

кершілігін талап ететін үй жануарларын серуендетуге тыйым салынады делінген.

Сондықтан, жануар иелері иттерді уақытша ұстау және серуендету мерзімдерін де қатаң сақтап отыруы тиіс. Егерде, Заң талаптары сақталмаса, жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жанысзандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жүргізетін болады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық шаралар жұмыстары жүргізілетін болады. Яғни, ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті аурулары сибір жарасы, қарасан, аусыл, құтыру және басқа ауруларға қарсы екле жұмыстары жүргізілетін болса, брүцеллез, жұқпалы эпидимит, аусыл және басқа ауруларға қарсы диагностикалық зерттеулерге қан сынамалары алынады.

Жоғарыда аталған ауруларға қарсы жұмыстар жүргізу барысында жеке мал иелері мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары өздерінің иеліктеріндегі малдарға ветеринариялық шаралардың уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етуі керек.

Егерде, ветеринариялық шаралар уақытылы жүргізілмесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқық бұзушылық Кодексінің 406-бабына сәйкес, яғни Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу тәртібімен әкімшілік айыппұл салу жазасы қолданылады.

Ырғыз ауылдық ветеринариялық пункт меңгерушісі Е.Мусин

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, М.Төлегенов атындағы ЖББ мектебінің ұжымы мен Ырғыз Гимназиясының ұжымы аталған мекемелердің педагог қызметкерлері Тасмағанбетова Жадыраға атасы, Сейтмағанбет Ғалижанға **әкесі Сейтмағанбетов Қуаныштық** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, «Ақбайын» бөбекжай – бақшасының ұжымы аталған мекеменің қызметкерлері Матеева Лиди мен Шакалова Базарға **ағалары Матеев Бекбоғменнің** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, Ырғыз Гимназиясының ұжымы аталған мекеменің қызметкері Бақтиярова Гүлжаханға **әкесі Бақтияров Бердіғалидың** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, Ырғыз Гимназиясының ұжымы аталған мекеменің қызметкері Кенжеханова Кенжегүлге **ағасы Кенжеханов Ырғызбектің** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ЫРҒЫЗ

Меншік иесі: «Үркер» ЖШС

Директор Ғалымбек САРБУПИН

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникация министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 12.01.2017 жылы тіркеліп, №16292-Т кұалігі берілген.

Редактор: Сарбупин Ғалымбек Ахметұлы

Тілшілер: Тұрсынбек Ақдәулетов tursynbek-73@mail.ru

Ұзақбаев Руслан

Дизайнер Нұрғұл ҚУЛМАҒАНБЕТОВА

Мекен-жайы: 030400, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз селосы, Амангелді көшесі, 1.
Байланыс телефоны: 8-(713-43)-21-4-98 (факс) газет жарияланымдағы автор пікірі редакцияның түпкілікті қазқарасы болып есептелмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
© irgiz@mail.ru @irgiz_gazeti Ғ ҒЫРҒЫЗ ГАЗЕТИ Сайт: https://irgiz.kz/

Газет аптасына бір рет шығады.

Таралымы 1174 дана.

Тапсырыс №132

Көлемі 1 басыпа табақ,

ИНДЕКСІ 65511

«Хабар-Сервис» баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, №9/2.

Басылу сапасы жөнінде
40-04-00 телефонына хабарласуға болады.

Тәрбие-тәртіп – тал бесіктен

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

А. Құнанбаев

Жуырда аудандық «Ырғыз» газеті мен әлеуметтік желілерде жарияланған аудандық Аналар кеңесі, Ардагерлер кеңесі мен Әжелер алқасының тұрғындарға арналған Үндеуі кім-кімге болса да ой салары сөзсіз...

Қазір қоғамда бала тәрбиесі ең өзекті тақырып болып отыр. Себебі, өзіміз күнделікті өмірде түрлі балаларға қатысты келеңсіз оқиғалардың күәсі болып жүрміз. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс, қатігез балалар осының бәрі отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауынан болып жатқан құбылыстар дер едім.

Сондықтан қазір ең басты құндылық - тәрбиелі, өнегелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін көнеден келе жатқан салт-



Салтанат Бақтыгерейқызы Жолдыбай, Ырғыз аудандық көркемсурет мектебінің мұғалімі

Табиғатты қорғау – баршаға ортақ міндет

Табиғат – адамзат үшін ең құнды тіршілік иесі. Ауа, су, жануарлар мен өсімдіктердің арқасында қоректеніп, өмір сүріп келеміз. Бізді қоршаған ортаның ластанбай, орман-тоғайдың құлпырып, тіршіліктің қайнар көзі тұтанып тұруы адамдардың қорғауында екені айдан анық. Қазіргі таңда, осындай табиғатты қорғау үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жұмыс жасайды. Ең басты міндет – жануар мен өсімдіктердің азайып, қызыл кітапқа енгізілуіне қарсы күрес жүргізу.

Көгалдандыру жұмыстары күз, көктем мезгілінде орындалса, жаз мезгілінде өрт қауіпсіздігіне қатаң ұстанымдар енгізіледі.

Одан бөлек орманшылар демалушылардың табиғатты қорғауына тыйым салуға құқылы. Орман-тоғайдың тағы бір жауы – ағаштарды отау. Бұрынғары ормандар отынға, құрылыққа деп еркін оталып келген. Сондай бей-берекет әрекеттің кесірінен ормандар біршама ауытқуға түсіп, климатқа әсерін тигізді.

Ағаштарды рұқсатсыз кескені үшін енді айыппұл салынып, қатаң талаптар қойылды. Сонымен қатар, жан-жануарлардың да құқығы сақталып, атуға шектеу бар.

М.ӨБЖАН,

«Қарабұтақ орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» ММ Ырғыз учаскесінің орманшысы

Түзетіліп оқылсын

«Ырғыз» газетінің 2025 жылғы 21 қаңтардағы №3 (8332) санында жарияланған «Көңіл айту» мәтіні төмендегі мәтінде түзетіліп оқылсын:
Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі М.Төлегенов атындағы ЖББ мектебінің ұжымы аталған мекеменің педагогы Ахметова Жанбибіге **ағасы Ахметов Нұрдәулеттің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.



Ұлт ұлағаты



КИМШЕГІ КИЕЛІ, ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕЛІ... ЫРҒЫЗДЫҚ ӘЖЕЛЕРДІҢ «АЯЛЫ ӘЖЕ...» аудандық форумы өтті



Республикалық деңгейде Түркістан облысынан бастау алған «Әжелер – ұлт ұйытқысы» рухани шаралары аясында Ырғызда ардагерлер кеңесі аудан әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырған аудандық «АЯЛЫ ӘЖЕ...» форумы өтті.

Форумға аудан әкімдігі мен мәслихаты аппараты қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, әнбек ардагерлері, ауылдық Әжелер кеңестері мен өзге де қоғамдық ұйымдардың мүшелері, білім және мәдениет салаларының өкілдері, жастар, мекеме-кәсіпорын басшылары қатысты.

Қазақ қоғамында ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптейтін асыл әжелердің орны мен рөлі ерекше болған.

«Қарты бар үйдің - қазынасы бар» дегендей, ата мен әже – ел тұлғаларын өсіретін ұлттық мектеп деп айтуға болады. Бұл форумның маңызы өте зор болды. Өйткені, әжелер ұлтымыздың ұйытқысы, жастарға халқымыздың құндылықтарын, салт-дәстүрін,

тәрбиесін жеткізетін үлкен институт. Сондықтан да әжелерді ұлықтасақ, құрмет көрсетсек, соларға еліктесеқ, болашақта ақ жаулықты аналарымыздың жолын жалғай аламыз...

Осы ұстанымды мақсат еткен форумды құттықтау сөзбен ашқан Ырғыз ауданы әкімінің орынбасары Серік Қонақбаев ұлттық тәрбиенің құндылықтарына тоқтала келе, ұлы Абайдың әжесі Зередей ұлағаты ұрпағына дарыған дана әжелердің жолын қайта жаңғыртуда жаңадан құрылып жатқан Әжелер алқасының атқаратын қызметі үлкен екендігін атап өтті. Ал, Ақтөбеде өткен облыстық форумға қатысқан Ырғыз аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мирхан Дуанбеков пен кеңес жанынан құрылып, жұмысын бастаған

Әжелер кеңесінің төрайымы Набат Байдәулетова қазықшылық пен тәрбиенің тірегі болған әжелердің құрметін жоғары мәртебеледі. Жер-жерде жаңадан жұмыс бастаған кеңестің жұмысына белсенділікпен қатысып, әрбір ауылдағы әжелер мен аталар бұйығы жатпай ұрпақ қамы үшін берілер тәрбиені нығайтуға атсалысқаны жөн деп түйіндеді. Форумда әр округте ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып жүрген белсенді аналар - бірқатар ауыл әжелеріне аудандық Ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттары табысталды.

Ал, форумға арнайы шақыртумен келген Республикалық «Қазақ аналары-Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе филиалының мүшесі Мақатова Айжан Қорғанбекқызы аналық ақ тілегімен ағынан жарылды. Республикалық «Қазақ аналары - Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі атынан «Ұлттық тәрбиеге сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен Қалыбай ауылынан Әбділдина Күләп, «Ұлт дәстүрін дәріптегені үшін» төсбелгісімен құтқалды Тәмішова Людмила, «Ұлт дәстүрін дәріптегені үшін» төсбелгісімен Жайсаңбай ауылынан Ұяқасова Айнур, «Ұлттық қолөнер, дәстүрлі тағам шебері» төсбелгісімен Құрылыс ауылынан Әлиева Айнагүл марапатталды.

Шара аясында мәдениет үйінің фойесінде ұлттық бұйымдардан көрме өткізіліп, «Арай» мәдениет үйінің жанынан құрылған көпшілікке танымал «Шуақты әжелер» ансамблі мен жергілікті жас өнерпаздар ән-биден салиқалы концерт ұсынды.

Шараға кәсіби журналистер, өлкетанушылар, кітапханашылар және мектеп мұғалімдері, оқушылар қатысты. Мерекенің, басылым-баспасөздің маңызына тоқталған «Аманат» филиалының атқарушы хатшысы Абат Баймұханов қатысушыларды құттықтады. Қазақстанның құрметті журналисі Рахымжан Өтемис өткен өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, баспагерлердің өлшеусіз еңбегіне тоқталды. Өлкетанушы Сергей Қоблашов пен Ырғыз тарихи-өлкетану музейінің директоры Әлібек Таубатыров жастарды газет-журнал, кітап оқуға шақырды. Ырғыз гимназиясының оқушылары Бегімбай Нұрай, Амантай Ақбота журналистикаға қатысты ойларындағы сұрақтарына жауап алды. Кітапханашылар Гүлсима Алняйзова, Гүлқуаныш Кенжеғұлова тілектерін айтып, ұсыныстарын жеткізді. Газет тілшілері Тұрсынбек Ақдәулетов, Руслан Ұзақбаев быыл «Ырғыз» газетінің 95 жылдығы аясында оқырмандармен байланыс нығая түсетіндігін атап өтті.

Руслан Жарқынұлы, газет тілшісі

Ұлттық басылым күні атап өтілді...



Қазақстанда 2023 жылдан бастап 2 ақпан – Ұлттық басылым күні болып бекітілді. Бұл - осыдан 112 жы бұрын бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрған "Қазақ" газетінің алғашқы саны жарық көрген күн.

Жаңа кәсіби мерекенің мақсаты - халқымыздың біртуар перзенттері, Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сәттерде ұлтты ұйыстырғанын айрықша дәріптеу, сөз бостандығына адалдығына айнымаған басылымдар әрдайым шынайы ақпараттың және сапалы сараптамаға қайнар көзі болып қала беретіндігін насихаттау.

Атаулы күнге орай «Аманат» партиясының Ырғыз аудандық филиалы, «Ырғыз» газеті редакциясы, аудандық орталық кітапхана ұжымдарының ұйымдастыруымен рухани тәлімді шара өтті.

Шараға кәсіби журналистер, өлкетанушылар, кітапханашылар және мектеп мұғалімдері, оқушылар қатысты.

Мерекенің, басылым-баспасөздің маңызына тоқталған «Аманат» филиалының атқарушы хатшысы Абат Баймұханов қатысушыларды құттықтады. Қазақстанның құрметті журналисі Рахымжан Өтемис өткен өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, баспагерлердің өлшеусіз еңбегіне тоқталды. Өлкетанушы Сергей Қоблашов пен Ырғыз тарихи-өлкетану музейінің директоры Әлібек Таубатыров жастарды газет-журнал, кітап оқуға шақырды. Ырғыз гимназиясының оқушылары Бегімбай Нұрай, Амантай Ақбота журналистикаға қатысты ойларындағы сұрақтарына жауап алды. Кітапханашылар Гүлсима Алняйзова, Гүлқуаныш Кенжеғұлова тілектерін айтып, ұсыныстарын жеткізді. Газет тілшілері Тұрсынбек Ақдәулетов, Руслан Ұзақбаев быыл «Ырғыз» газетінің 95 жылдығы аясында оқырмандармен байланыс нығая түсетіндігін атап өтті.

«Ырғыз-ақпарат»

